Тарих ғылымдарының докторы, профессор Қ.Т. Жұмағұловтың
70 жылдығына және ғылыми-педагогикалық
қызметінің 50 жылдығына арналған

«ИНТЕГРАЦИЯ ЖӘНЕ МОДЕРНИЗАЦИЯ ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ ДҮНИЕ ЖҮЗІ ТАРИХЫ ЖӘНЕ ЕУРАЗИЯДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАТЫНАСТАР» атты

халықаралық ғылыми-теориялық конференция

МАТЕРИАЛДАРЫ

9 ақпан 2018 жыл

МАТЕРИАЛЫ

международной научно-теоретической конференции,
посвященной 70-летнему юбилею и 50-летию научно-педагогической
деятельности доктора исторических наук, профессора К.Т. Жумагулова,

«ВСЕМИРНАЯ ИСТОРИЯ И МЕЖДУНАРОДНЫЕ ОТНОШЕНИЯ В ЕВРАЗИИ В СВЕТЕ СОВРЕМЕННОЙ ИНТЕГРАЦИИ И МОДЕРНИЗАЦИИ»

9 февраля 2018 года

MATERIALS

of International scientific-theoretical conference devoted to the 70th anniversary
and the 50th anniversary of the scientific and pedagogical activity of the
Doctor of Historical Sciences, Professor K.T. Zhumagulov

«WORLD HISTORY AND INTERNATIONAL RELATIONS IN EURASIA IN LIEU OF MODERN INTEGRATION AND MODERNIZATION»

February 9, 2018

РАШИДОВА Э.П., БЕКБАУОВА М.С, БҮРКІТ Ә.Қ.
МҰҒАЛІМ – бақташы ма?!, бақсы ма?!.....385
ҮСЕНОВА Г., БҮКІТ Ә.Қ., САУЫТОВ Е., АЛДЕШОВ С., ТУЛЕМЕТОВ Б.
Ежелгі шөгеннің тарихы 390
МАЛИКОВ Б.У.
«Қазақ даласындағы болыстық билеушілердің әлеуметтік портреті (сырдария облысы материалдары бойынша)».....395
ТӨЛЕГЕНОВ Е.М.
Интеграция үрдісінің теориялық негіздері.....398
ТОҚСАНБАЕВ А.К.
Көшпелілер қоғамындағы жоғарғы билікті мұралану мәселесі туралы.....401
ПАЗИЛОВ Е.Д.
Кентау қаласына жер аударылған грек ұлты өкілдерінің күнделікті өмір тарихы (1941-1956 жж.).....404
АБДРАХИМ М.Е.
История изучения Казахского чиновничества в семиреченской области во второй половине XIX – начале XX вв.....407
СЕЙЛБЕКОВА М.
«Вклад управляющего родом аргын чигена мусина в развитии Русско-Казахских отношений в XIX веке».....410
ДУЙСЕНКУЛ А.Г.
«Методики и технологии обработки архивных документов в электронно-цифровом формате на примере ведущих стран.....413
КӘДІРҒАЛИЕВА Г.Е.
Ұйым қызметкерлерін басқаруда кадр құжаттамасының рөлі.....417
ЕРТАЙ А.Н.
Проблемы и перспективы развития Евразийства.....419
АБАКОВ М.
Проблемы внедрения системы электронного документооборота в государственных учреждениях.....423
ШОТАЕВ М.Т.
Құжаттардың құндылығын сараптаудың өзекті мәселелері.....427
KOIZHIGITOVA Z.B.
Problems of studying the CentraL Asian uprising of 1916 in modern foreign historiography.....431
АЙТМУКАЕВА А.К.
Ведомстволық архивтер.....433
ӘЛІМБЕКОВА Ә.Ә.
XXI ғ. әлемдік қауымдастықтағы Қазақстан.....437
НӘМЕТҚУЛ Д.
Банк құжаттарының қалыптасуы.....439
ТҮЛКІБАЙ Д.Д.
XX ғасырдың 20-30 жж. эпистолярлық публицистикадағы Қазақ зиялыларының хаттары.....442
АНУАРОВ Н.Т.
Казахские офицеры на службе российской империи.....443

3. Әбусейітова М. Қазақ хандарының дипломатиясы: (XY-XYIII ғ.ғ. аралығындағы қазақ хандарының дипломатиясы туралы) //Егемен Қазақстан. – 1999. 27 наурыз.
4. Жумагамбетов Т.С Проблемы формирования и развития средневекового Казахстана. Алматы: [illegible]
5. Кәрібаев Б.Б. Қазақ хандығының құрылу тарихы. Алматы: «Сардар» баспа үйі, 2015
6. Артықбаев Ж., Ибрагимов Ж. 1916 жыл. Хандық биліктің жаңғыруы //Отан тарихы=Отечественная история. – 1999.
7. Апполова Н.Г. Хандық биліктің жағдайы және Тәуке ханның «Жеті жарғысы» //Казахтардың заңдары=Древний мир права казахов:
8. Т.И. Султанов Поднятые на белой кошме. Потомки Чингиз-хана Алматы: Дайк-Пресс, 2003

ПАЗИЛОВ Е.Д.,
Қазақстан Республикасы, Алматы қ.,
Абай атындағы ҚазҰПУ докторанты

КЕНТАУ ҚАЛАСЫНА ЖЕР АУДАРЫЛҒАН ГРЕК ҰЛТЫ ӨКІЛДЕРІНІҢ КҮНДЕЛІКТІ ӨМІР ТАРИХЫ (1941-1956 ЖЖ.)

Кентау қаласы – Оңтүстік Қазақстан облысының орталығы Шымкенттен солтүстік – батысқа қарай 210 шақырым жердегі Қаратау жотасының етегінде, қойнауы пайдалы қазбаларға бай өңірдегі аймақта орналасқан. Ол Ащысай полиметалл комбинатына қарасты Мырғалымсай кенішінің маңындағы шағын жұмысшы кентінің орнында, соғыстан кейінгі жылдары бой көтерген [illegible] қала. Кентау қаласының кеңестік кезеңдегі негізгі тұрғындарын – сталиндік қуғын-сүргін [illegible] жер аударылып келген халықтар: грек, шешен, неміс, орыс, еврей, татар т.б. ұлт өкілдері мен жергілікті қазақтар құрады. Кентау қаласының қалыптасуы мен өсіп-өркендеуі, оның жер қойнауындағы пайдалы қазбаларын өндірумен тығыз байланысты болды.

Ұлы Отан соғысының басталуына байланысты 1941 жылдың 16- тамызында БКП (б) Орталық комитетінің ұйғарымымен Ащысай полиметалл комбинаты қорғаныстық мақсаттағы әскери өнім шығару жағдайына көшірілді. Майдан шебіне қажетті стратегиялық өнімдер – қорғасын мен басқа да түсті металдар жоспарын асыра орындау үшін, осыған дейін мемлекеттік резерв ретінде консервацияланып, пайдаланылмай жатқан Мырғалымсай кен орнын қайтадан іске қосу жөнінде шешім қабылданды. Ащысай полиметалл комбинатының құрамындағы Мырғалысай кен орны [illegible] жүріп жатқан қиын жағдайда іске қосылуы себепті білікті мамандарға ғана емес, [illegible] жұмысшылардың тапшылығын басынан кешірді. Халық жаппай әскер қатарына алынып, [illegible] аттанып жатты. Жұмысшы қолы жетіспеуі себепті түрлі құрылыс жұмыстары мен шахтаның [illegible] жұмысына кеніш маңындағы елдімекендерден әйелдер мен жасөспірім балалардың еңбегі [illegible] пайдаланылды.

Соғыс жылдары өнеркәсіптік-стратегиялық жағынан маңызды рөл атқарған Оңтүстік Қазақстан облысы – майданға жақын аудандардан эвакуацияланған және күштеп көшірілген халықтарды орналастырылатын негізгі аймақтардың біріне айналды. 1942 жылдың көктеміндегі мәлімет бойынша облысқа Балтық жағалауы, Украина мен Белоруссиядан неміс, поляк, еврей т.б. ұлт өкілдерінен тұратын – 52880 адам, 1944 жылы Солтүстік Кавказдан және Қырымнан шешен, ингуш, [illegible] балқар т.б. этникалық топ өкілдерінен құралған 12338 отбасы (49490 адам) көшіріп әкелінді [1].

Бастапқыда қоныс аударушылардың көпшілігі, аграрлық шаруашылыққа маманданған [illegible] елдімекендерде орналастырылғанымен, жергілікті басшылықтың жұмыспен қамтамасыз ету [illegible] көңіл бөлмеуі салдарынан, олардың азық-түлікпен біршама жақсы қамтамасыз етілген [illegible] орындары бар қалаларға кетіп қалуы жиіледі. Осынау қиын-қыстау кезеңді өз басынан өткерген [illegible] ұлтының өкілі Дзыра Юзэфа былай деп еске алады: «1941 жылдың күз айында өзге [illegible] отбасылармен бірге Оңтүстік Қазақстан облысы, Созақ ауданына қоныс аударылдық. Таң атысынан кештің батысына дейін егістікте жұмыс істедік. Жұмыс ауыр болатын, қатты шаршататын. Жұмыстың ауырлығын көтере алмаған ата-анам ауруға ұшырағандықтан, жас балалардан құралған отбасымыз аштыққа ұрына бастады. Сондықтан ауыл председателінің ұсынысымен ересек балаларды қабылдайтын Ащысайдағы ФЗО-ға әпкем Янина екеуміз оқуға түстік. Онда қыз балалар [illegible] машинисі, флотатор т.б. мамандықтары бойынша даярланса, ұлдар тобы слесарь, бұрғылаушы, [illegible] жонушы сияқты мамандықтарды меңгерді. Қысқа мерзімді жұмысшы даярлау курсын аяқтағаннан кейін әпкем екеуміз Мырғалымсай кенішінің кен байыту бөлімінде жұмыс істедік. Кеніш жұмысшыларының дені қазақтардан басқа орыс, татар, армян, шешен, әзірбайжан, корей, ингуш [illegible] ұлт өкілдерінен құралған болатын» [2].

Жұмыс күші ретінде әскери тұтқындарды пайдалану мақсатында, 1945 жылы 27 қыркүйекте КСРО НКВД басқармасының №001097 бұйрығына сәйкес жапон соғыс тұтқындарына арналған [illegible]

Хантағы лагері құрылды. Лагердің бірінші бөлімшесі темір жолдан 65 шақырым қашықтықтағы «Ащысай» елдімекенінде, екінші бөлімшесі «Мырғалымсай» кенішінде орналасты. Мырғалымсай кенішіндегі жапон тұтқындарының 500-ге жуығы шахтада, 300-ден астамы механикалық цех пен тұрғын үй құрылысы саласында еңбек етті [3].

Өндіріс ауқымының жедел өсуіне байланысты соғыстан кейінгі жылдары да, Ащысай полиметалл комбинатында жұмысшыларға зәрулік айқын сезілді. Бұл жағдай, соғыста орасан зор адам шығынға ұшыраған Қазақстанның барлық өнеркәсіп орындарына тән ортақ мәселе еді. Соғыстан кейінгі жылдары қоғамдық-саяси өзгерістерге орай, Ащысай полиметалл комбинатында жұмыс істеген эвакуацияланған тұрғындар мен соғыс тұтқындары өз еліне қайтарыла бастады.

Еңбек ресурстарының жетіспеушілігін жою мақсатында Ащысай комбинаты басшылығы жақын маңдағы аудандар мен колхоздардан жұмысшылар жинау шараларын қолға алды. Алайда өнеркәсіп орындары мен құрылысқа қажетті жұмысшы жинау көп жағдайда күтілгендей нәтижелі болмады. Ауылдық жерлерде өздеріне жұмыс күші жетпей жатқандықтан, жұмысшы жинау науқанына көп жағдайда кедергілерге ұшырап отырды. Колхоз төрағалары тарапынан өнеркәсіптерге жұмысқа кету туралы келісімге қол қойған тұрғындардың құжаттарын бермеу фактілері орын алды. Сондықтан жоспардағы өндірістік міндеттерді жүзеге асыруға Мырғалымсай кен орнының айналасындағы елдімекендердің демографиялық әлеуеті жеткіліксіз болды. Осыған байланысты жұмыс күшінің жетіспеушілігін жою үшін Ащысай полиметалл комбинатына қарасты кен орындарына тарихи отанынан күштеп көшірілген «сенімсіз» халықтарды пайдалану шаралары қолға алынды.

1949 жылы 28 мамырдағы КСРО Министрлер Кеңесінің №00183 «Әзірбайжан, Грузия мен Қара теңіз жағалауын саяси сенімсіз элементтерден тазарту мақсатында грек азаматтарын, кеңес азаматтығын қабылдаған гректерді отбасымен жер аудару туралы» қаулысы негізінде, сол жылдың маусым айында Кентауға грек ұлтының өкілдері көшіріліп әкелінді [4].

Мемлекеттік қауіпсіздік органдары тарапынан алдын-ала тыңғылықты жоспарланып, КСРО ІІМ қызметкерлерінің қатаң қадағалауымен өте құпия жағдайда іске асырылған «Толқын» операциясы бойынша Оңтүстік Қазақстан мен Жамбыл облыстарына мәңгілікке тұрақтап қалу құқығымен 8911 грек отбасы – 37,1 мың адам, оның ішінде Ащысай полиметалл комбинаты орналасқан Кентау қаласына 9,5 мың грек ұлтының өкілдері қоныстандырылды [5].

Сталиндік қуғын-сүргінге ұшырап, күштеп қоныс аударудың азабының көзі тірі куәгері, Ащысай полиметалл комбинатының еңбек ардагері И. Пиминиди өз естелігінде былай дейді: «1949 жылы маусым айының соңғы күндерінің бірі болатын. Төрт эшелонға лық толған гректерді айналасы тап-тақыр, қылтанағы көрінбейтін, ауа-райы ыстық, темір жол тұйығының маңындағы Кентауға алып келді. Әр эшелонда шамамен үш мыңдай адам болды. Жергілікті басшылық бізді орналастыратын орнайы баспаналар дайындап үлгермеген екен. Бірінші эшелондағы адамдарды теміржолдың сыртындағы жапон тұтқындарына арналған жертөлелерге, екінші эшелондағыларды сиыр қамайтын қораға, үшінші және төртінші эшелондағы адамдарды орналастыратын жер болмағандықтан далада тігілген бастырмаларға 5-6 отбасыдан орналастырды. Күнделікті тұрмысқа қажетті заттар жеткіліксіз болды, мәселен, әр отбасыға бір ғана төсек орын берілді. Күннің аптап ыстығы мен ауыз судың сапасыздығы санитарлық жағдайды қиындатты. Іргемізден ағып жатқан мал суаты ретінде пайдаланылатын өзенді ауыз су ретінде пайдаландық. Көп ұзамай, жергілікті жер жағдайының қолайсыздығы, ауыз судың сапасыздығы мен азық-түліктің жетіспеуі салдарынан арасымызда жаппай іш ауруы тарай бастады. Алдымен осы жердің ауа-райына жерсінбеген жас балалар мен қарттар ажал құшты. Кейін әлсіреген ересектерді де ауру айналдыра бастады. Соғыстан кейінгі кезеңде қоқшылықта өмір сүріп жатқан жергілікті халық қолындағы барымен бөлісті. Аш кезімізде көпшілігімізді аман алып қалған қазақ халқының айран мен нанның дәмі әлі күнге дейін аузымнан кетпейді» [6].

Сол жылдары 19 жаста болып, сол жылдардағы күнделікті өмірінің әрбір сәті есінде жақсы сақталған грек ұлтының өкілі Ф. Тифтикиди былай дейді: «біздің лагеріміз қаладағы Пушкин көшесінің бойында орналасты. Бастапқыда жер аударылғандар қашып кетпеуі үшін және жергілікті халықтан алшақ ұстау мақсатында лагерді арнайы әскерилер күзететін. Жергілікті халық арасында гректерге жақындауға болмайды, бірден бас салып тонайды, өлтіріп кетеді деген жалған өсек таратылғандықтан, жергілікті халық бізге жақындамауға тырысты. Кез-келген бейсауыт уақытта орнайы қоныста әрі-бері жүруге қатаң тиым салынды. Лагерь аумағынан сәл ұзаған жағдайда күзетшінің «Тоқта! Артқа! Атамын!» деген даусы естілетін.

Бір күні жергілікті қазақтар мекендейтін Бала-Бүргем жақтан екі қарайған нүктенің сұлбасы көрінді. Жақындап келгенде байқағанымыз, әр қолында айран мен сүт құйылған 10 литрлік ыдыстары бар екі қазақ әйелі екен. Әйелдердің ауыр еңбекпен күнелтіп жатқан қарапайым малшылар екендігін, күс басқан қолдарының адырайған тамырларынан байқауға болатын еді. Күзетшілер олардың бізге жақындауына алғашқыда рұқсат бермеді. Олар жанымыздан өтіп бара жатқандай кейіп танытып,

күзетшілердің ары қарағанда, күрт бұрылып, жер аударылған гректердің арасына еніп кетті. [illegible] сүт жас балаларға үлестірілді. Бір стакан сүттің өзінен әлсіреген балалардың өнінен [illegible] көздерінің жайнап кеткендігі әлі күнге дейін есімнен кетпейді. Қазақ әйелдері кей кездері [illegible] түсінбесе де, қиыншылықтан қажыған немесе баласынан айырылған грек әйелдерімен [illegible] жылайтын. Басқа түскен ауыртпашылықты түсіну үшін тілін білудің қажеті жоқ екендігін, [illegible] аман сақтап қалуға ұмтылған аналардың қайғысының ортақ болатынын сол кезде түсіндім. [illegible] кейін күн сайын келіп тұрды. Күзетшілер олардың еш зияны жоқ адамдар екеніне көздері [illegible] келуіне рұқсат бере бастады. 1956 жылы гректерге салынған шектеу алынып тасталғаннан кейін [illegible] жастары болып, Бала-бүргемдегі қазақ ауылынан сол екі әйелді іздестіре бастадық. [illegible] білмегендіктен, кезінде аттарын сұрауға да мүмкіндігіміз болмаған еді. Қанша [illegible] іздегенімізбен оларды сол күйі таба алмадық. Қиын-қыстау кезеңдерде [illegible] мейірімділіктің жоғары үлгісін көрсеткен екі қазақ әйеліне сол күйі ризашылығымызды [illegible] көрсете алмағанымыз, біз үшін өкініш болып қала берді» [7].

Сол жылдары жер аударылған гректердің күнделікті өмірінде орын алған [illegible] басынан өткізген, бұрынғы арнайы қоныстанушы Н.М. Караяниди былай деп еске [illegible] жылдың жаз айында Кентау қаласына жер аударылып келдік. Жергілікті жердің [illegible] ерекшеліктеріне байланысты бастапқыда жаңа ортаға бейімделуіміз өте қиын [illegible] жағалауындағы өңірлерден келгендіктен, жергілікті жердің құрғақтығы мен судың тапшылығы [illegible] аптап ыстығы біздерге ауыр тиді. Сонымен қатар, азық-түлік тапшылығы да орын [illegible] Арамызда жаппай ауру тарап, біртіндеп қатарымыз сирей бастады. Осындай ауыр күндерді [illegible] кешіріп жатқан біздерге, бір күні Ащысай полиметалл комбинатының директоры Я.Д. [illegible] Ол біздің тұрмыс жағдайымызбен танысқаннан кейін, басымызға түскен қиындық уақытша [illegible] бұл жерде болашақта әдемі қала салынатынын, барлығымыз жұмыспен қамтылып, [illegible] жақсаратынын айтты. Комбинат директорының осы сөзі аз да болса көңілімізге [illegible] бойымызда болашаққа деген үміт отын жақты. Кейіннен көп ұзамай гректер қаладағы түрлі [illegible] құрылыс жұмыстарына қызу тартыла бастады. Ол кезеңде Ащысай полиметалл комбинаты [illegible] қорғаныс өнеркәсібінің маңызды кәсіпорындарының бірі еді. Жер аударылып келген біздерге [illegible] жасауы мүмкін деген күдікпен қарап, өндіріс орындарында жұмыс істеуге рұқсат етпеді. [illegible] гректердің барлығы дерлік құрылыс саласында еңбек етті. Есесіне Кентауда салынған алғашқы [illegible] әлеуметтік-мәдени нысандар мен ғимараттардың көпшілігі гректердің қолымен тұрғызылған [illegible] болатын» [8].

1951 жылғы 1-қаңтардағы мәлімет бойынша, Мырғалымсай қорғасынқұрылыс [illegible] жұмысшыларының 75% грек ұлтының өкілдері құрады [9].

Сталиндік қуғын-сүргінге байланысты жер аударылған грек ұлтының өкілдері, [illegible] себептермен осы өңірде тұрақтап қалды. Жер аударылып келген халықтың мұң-мұқтаждығын [illegible] қанағаттандыруды жергілікті басшылық кейінге ысырып, барлық күш-жігерді бірінші [illegible] өндірістік міндеттерді шешуге жұмылдырылды. Олар өздерінің жан қиярлық еңбегінің [illegible] көрмегенімен, қаланың алғашқы тұрғындары ретінде Кентау қаласының әлеуметтік-мәдени [illegible] қалыптастыруда үлкен рөл атқарды.

1956 жылы 27-наурызда КСРО Жоғары Кеңесінің «Арнайы қоныстардағы гректер, [illegible] армяндармен олардың отбасы мүшелерінің құқықтық жағдайлары жөніндегі шектеулерді алып [illegible] жөніндегі арнайы қаулысы шықты.

Бұл қаулы бойынша, жер аударған гректердің құқықтың жағдайларындағы кейбір [illegible] алынып тасталғанымен, олар толық ақталмады. Оның айқын көріністерінің бірі – грек азаматтарының [illegible] бұрынғы тұрғылықты жерлеріне қайтуға, еркін көшіп-қонуына тиым салынды. Осының [illegible] мыңдаған грек ұлтының өкілдері үшін Кентау қаласы тұрғылықты жаңа мекенге айналды. 1956 [illegible] бірқатар құқықтық шектеулер алынып тасталғаннан кейін, елдің түкпір-түкпіріндегі грек ұлтының [illegible] өкілдері салыстырмалы түрде халықтың әл-ауқаты жоғары, өндіріс орындары дамыған [illegible] қаласына көшіп келе бастады. Жер аударылған халықтардың тарихи отанына жаппай қоныс [illegible] үдерісі белең алған 1990 жылдардың басына дейін, Кентау қаласы – Қазақстандағы грек ұлтының [illegible] өкілдерінің ең көп бөлігі шоғырланған аймақтардың бірі болды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Исмаилов А.И. Война и Победы. Шымкент: Экспресс-печать, - 2010.-180 с.
2. Советтік қоғамдағы еңбек феномені: Ұжымдық монография / Ред. басқарған М.Қ. Қойгелдиев / – Алматы: «Қазақстан» ЖШС, Дәстүр, 2016.- 37 бб.
3. Государственный Архив Российский Федерации (ГАРФ). ф.9401.оп.1а.д.180, л.189.
4. Российский Государственный Архив социально-политической истории (РГАСПИ). ф.17. оп. 162. д.185.
5. Джуха И.Г. Спецэшелоны идут на Восток. Санкт-Петербург. Алетейя-2008.-321 с.